

14.06.2023, 12:30

Маңғыстаулық депутаттар марапатталды



А.ж. 13 маусымда Ақтау қаласы «Достық» үйінде «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» РҚБ төрағасы Төлеубек Мұқашевтың қатысуымен «Республикалық Қоғамдық Бірлестік пен Мәслихаттардың арасындағы өзара байлынысты нығайту» мәселесі жөнінде кеңес өтті.

Іс-шараға «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» өкілдері және Маңғыстау облысының мәслихаты активі, сондай-ақ аудандық, қалалық мәслихат төрағалары қатысты.

Жиын барысында Т.Мұқашев жергілікті мәслихат депутаттарының жұмыстары мен қолға алған істеріне сәттіліктер тілеп, келер жылы еліміздің мәслихаттарына 30 жыл толатынын баса айтты.

«1993 жылы 10 желтоқсанда Жоғарғы Кеңес «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» ҚР Заңын қабылдады. Бір жылдан соң –1994 жылы елдің жаңа өкілді органдары – мәслихаттарға депутаттарды сайлау өткізілді. Содан бері атаулы құрылымдар мемлекеттік басқарудағы маңызды буын рөлін атқарып келеді. Келер жылы Қазақстан Республикасында жергілікті өкілді органдар ретінде мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толады. Осы жерде Республикалық Қоғамдық Бірлестік пен мәслихаттардың арасындағы өзара байлыныс алгоритімін қайта жүктеп, «депутат» және «мәслихат» ұғымдарының да мәнін ашып алу керек» деді ол.

Жиын соңында РҚБ тарапынан жергілікті бірнеше халық қалаулылары «Құрметті депутат» төсбелгісі, Құрмет грамотасы, Алғыс хаттарменен марапатталды.